

Манетов Д.К., Жоламанов Т.Д.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ЖЕРЛЕРІН БӨЛІП БЕРУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Шаруа қожалықтар жерлерін бөліп беруде жаңа технологияны қолдану әдістерін зерттеу туралы берілген.

Кілт сөздер: Шаруа қожалық, кластер, жер деградациясы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының жалпы жер қоры 272,5 млн.га-ны құрайды. Құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзындығы 13349,85 км, оның ішінде Ресей Федерациясымен-7548,1км, Қытай Халық Республикасымен-1782,8 км, Өзбекстан Республикасымен-2351,4 км, Қырғыз Республикасымен-1241,6 км, Түрікменстан Республикамен-426 км құрайды. Жер шары бетінде географиялық орналасу жағдайына байланысты Қазақстан жерінің көп бөлігін шөл (112,2 млн.га), шөлейт (37,3 млн.га) және дала (62,4 млн.га), аумақтары құрайды [2].

Қазақстан Республикасының барлық жер қоры 14 облыс пен 2 қала (Астана мен Алматы) арасында бөлінген (1-кесте).

Дегенмен, Қазақстан Республикасы жер қорының тәуелсіздік алған алғашқы он жылында әртүрлі жылдарға қарай пайдалану көрсеткішінде қомақты өзгерістер пайда болды. 1998 жыл 01.01.-дегі мемлекеттік жер кадастры қызыметінің мәліметі бойынша ауылшаруашылығы санатындағы жер қоры 149,1 млн.га (55,2%) құрады. Сонымен қатар құмды-шөлейтті жерлерді қалай болса солай пайдалану нәтижесінде желдің әсерінен эрозияға ұшырады (81,6-млн.га), деформацияланған жерлер – 18,7.млн.га [1].

Жел эрозиясынан басқа республикада су эрозиясы дами түсті (4,3 млн.га.).

Жабайы орман және дала алқаптары 27,2 млн га-ны, шөл және шөлейтті алқаптары 99,6 млн.га-ны және жазық далалық аймақ 112,2 млн. га-ны құрайды, жердің құлазыған далаға айналуы, азғындап тозу өзгерістерін үдейте бастады. Бұндай жағдайдың болуы соңғы кездегі физикалық, биологиялық саяси-әлеуметтік және экономикалық факторлардың әсеріне байланысты еді.

1991 жылдан 2001 жылға дейін жер қатынастарының өзгеруіне және жер реформасының жүзеге асуына байланысты республиканың жер қорының санаттарға бөлінуінде айтарлықтай өзгерістер болды.

Мысалы, ауылшаруашылық жер қорының басқа жер қорына 127,5 млн га (58,4)% ауыстырылды. Ал өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауылшаруашылық мақсатына арналған жерлер 7.7 млн.га (41%) азайды. Өз негізінде, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар – 1,6 есе, орман қоры – 2,2 есе, су қоры жерілер 4 еседен артыққа ұлғайды. Ал босалқы жер қоры 101,8 млн. га-ға немесе 6 есеге ұлғайған. Сонымен қатар елді мекен жерлері саябақ, егіс егу, жайылымдық және де басқа мақсаттарға пайдалану ұлғайған [2].

Қазақстан Республикасының өз алдына дербес мемлекет болуына байланысты, мемлекет аралық жер пайдалану құрылымдарында ауқымды өзгерістер пайда болды, Қазақстан жерлеріндебұрынғыдай көрші елдер(Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан) жайылым ретінде пайдалануын мүлдем тоқтатты, сол сияқты Қазақстанда Қырғызстан жерін пайдалануды тоқтатты. Көрші мемлекеттердің біразымен (Өзбекстанға Шымған санаториясын, Ресейге Байқоңыр ғарышаймағын) уақытша жылға пайдалануға берген. Тәуелсіздіктің алғашқы10 жылдығында ауылшаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі күрт өзгерді. Көптеген

жайылымдық жерлер, өнімі аз жерлер иессіз қалды. Сонымен 2001 жылы 1991 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылық санатындағы жер 127,5 млн.га-ға немесе 2 есеге азайды. Әсіресе, бұндай өзгерістер Шығыс Қазақстан облысында – 3,4 есе, Павлодар облысында – 4,2 есе, Ақтөбе облысында – 3,1 есе, Қарағанды облысында – 2,7 есе азаю болды. Қазіргі кезде республикада барлық жерлерді есепке алып, түгендеу жүріп жатыр. Оның негізгі мақсаты – егістік жердің көлемін анықтау, өнімсіз жерлерді басқа категорияға ауыстыру және тың жерлерді игеру.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер қорының облыстар бойынша бөлінуі

Реттік %	Облыс атауы	Облыс орталығы	Аумағы мың.га	%	Аудан	Қала мен кент саны	Ауылдық елді мекен
1	Ақмола	Көкшетау	14621,9	5,4	17	27	689
2	Ақтөбе	Ақтөбе	30062,9	11,0	12	10	441
3	Алматы	Талдықорған	22396,3	8,2	16	27	826
4	Атырау	Атырау	11863,1	4,4	7	14	198
5	Шығыс Қазақстан	Өскемен	28322,6	10,4	15	35	857
6	Жамбыл	Тараз	14426,4	5,3	10	15	382
7	Батыс Қазақстан	Орал	15133,9	5,6	12	5	517
8	Қарағанды	Қарағанды	42798,2	15,6	9	53	506
9	Қызылорда	Қызылорда	22601,9	8,3	7	16	766
10	Қостанай	Қостанай	19601,1	7,1	16	18	274
11	Маңғыстау	Ақтау	16564,2	6,1	4	8	40
12	Павлодар	Павлодар	12475,5	4,6	10	11	509
13	Солтүстік Қазақстан	Петропавл	9799,3	3,6	12	8	759
14	Оңтүстік Қазақстан	Шымкент	11724,9	4,3	19	21	896
15	Алматы қаласы	Алматы	28,0		7	1	-
16	Астана	Астана	71,0		3	1	-
Барлығы			272500	100	163	302	7164

Жер кодексі шешкен ең маңызы мәселелердің бірі, нарықтық жағдайда, жер телімдері жылжымайтын мүлік мәртебесіне ие болғандықтан мемлекеттік жер кадастры жерді тиімді пайдалану негізгі, оның жүйелі құралы ретінде әрекет ете бастайды. Қазір жер кадастры осы заманның жетік технологиясы автоматтандырылған электрондық жүйесіне қосылып жатыр.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арналған жолдауында азаматтар мен ұжымдарға қызмет көрсетудің сапасы мен мерзімін жақсарту үшін «Электрондық үкімет» қалыптастыруын жеделдету керектігін айтты.

Елбасы жолдауындағы негізгі міндеттің біріндіріске озық технологияны, ғылыми жетістіктерді енгізу қажеттігі. Міне, бұл міндет орындалған күнде экономикалық әлеуметтік жағдайымыз жақсаратыны анық. Осы мақсатпен қазір мемлекеттік жер кадастрында автоматты ақпарат жүйесін (ААЖ) қалыптастырудың жаңа технологиясы енгізілуде. Ол дегеніміз:

- жер телімдерін ғарыштағы спутниктер (жер серігі) арқылы межелеу;
- ғарыштағы спутниктерден жердің сапасы туралы алынатын мәлімет-ақпараттарды қолдану;

- географиялық ақпарат жүйесінің (ГАЗ) технологиясын пайдалануды кеңейту;
- интернет технологияны пайдалану;

Жолдаудағы талапқа сай, өзі еңбек еткен ортаға жауапкершілікпен қарап, оның міндеттерге орындауға ат салысуымыз қажет.

Жерге орналастырудың мазмұны құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-техникалық шаралар жүйесі болып табылатын жер реформасының жүзеге асырылуымен тығыз байланысты. Соңғысы нарықтық жағдайлардағы жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың мүлдем жаңа құрамын қамтамасыз етуге тиісті. Осыны жүзеге асыру барысында жерге орналастыру ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық емес мақсатындағы жаңа және бұрыннан бар жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың құру және жетілдіру жөніндегі жобалармен айналысады.

Ауылшаруашылығы саласында жерге орналастыру ауылшаруашылық алқаптарының құрамын, өндірістік бөлімшелердің, сонымен бірге ауыспалы шабындықтар мен жайылымдардың, жол торабы мен шаруашылық орталықтарының орналасуын белгілей отырып, бүкіл өндірістің ұйымдастырылуына территориялық негіз қалыптасады.

Әрбір тарихи кезеңде жерге орналастырудың мақсат міндеттеріне қарай оның мазмұны қалыптасып отырады. Қазіргі кезде ол мынадай жерге орналастыру іс-қимылдарын қамтиды:

1) республикалық, облыстық және аймақтық жерге орналастыру схемаларын (жобалау), жер ресурстарын пайдалану, жақсарту және қорғау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу;

2) жаңа жер пайдаланушылықтарды құру, іс жүзінде барларын реттестіру жөніндегі шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау, учаскелерді жер бетінде көрсету және межелерін жүргізу, оларды иеленуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттарды дайындау;

3) елді мекендердің шекараларын (шептерін) белгілеу және жер бетінде көрсету, олардың жер пайдаланушылықтарын реттестіру жөніндегі жобаларды жасау;

4) әкімшілік-территориялық құрылымдардың, айрықша қорғаудағы табиғи территориялардың және де басқа да ерекше пайдаланудағы жер учаскелерінің шекаралары мен межелерін жер бетінде көрсету;

5) ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларын, сонымен қатар жаңа жерлерді игеруге, бүлінгендерін қалпына келтіруге және басқа да жердің пайдалануына немесе қорғалуына байланысты жобаларды жасау;

6) жерді түгендеу, пайдаланылмай, орынды пайдаланылмай немесе берілген мақсатына сәйкес емес пайдаланылып жатқан жерлерді анықтау;

7) топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақтық, гео-ботаникалық және басқа зерттеулер-ізвестіру жұмыстарын орындау;

8) жер кадастры мен мониторингін жүргізу;

9) жер ресурстарының күйі мен пайдалану жөніндегі кадастрлық және тақырыптық карталар мен атластарды жасау;

10) жерді бағалау жұмыстарын жүргізу.

Соңғы уақытта ауылды елді мекендердің, поселкелердің және қалалардың жер шаруашылықтарын реттестіру жөніндегі жобалардың саны едәуір артуды. Бұндай жобалар урбанизацияланған территориялардың пайдалану тиімділігін жоғарылатуға, қалалар мен басқа елді мекендерде оларды ары қарай дамытуға жерге орналастыру және ауыл шаруашылық алқаптарын жақсарту жөніндегі жұмыс жобаларды дайындау болып табылады.

Жерге орналастыру объектісіне қарай екі түрлі тармаққа бөлінеді. Олардың біреуі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жер пайдаланушылықтарын құруға, қайта құруға, реттестіруге және жетілдіруге, екіншісі – әр түрлі мемлекеттік, қоғамдық және жеке шаруашылық мұқтаждықтарға (өнеркәсіптік, азаматтық, энергетикалық, гидротехникалық және басқа құрылыстарды жүргізуге, қорғаныс, транспорт, байланыс, ғылым, мәдениет және т.с.с.) жер бөліп беруге байланысты [3].

Жерге орналастыру құрамында оның тек екі түрін белгіленгенде жер категориялары мен жерге орналастыру іс-қимылдарының мазмұны толық қамтылмайды, өйткені олардың кейбіреулері халық шаруашылығы салалары мен әкімшілік-территориялық бірліктерге, ал кейбіреулері тек жеке кәсіпорындарға қатысты.

Әдебиеттер

1. Қазақстан жер ресурстары, 2010, №6.
- 2.. Земельный кодекс Республики Казахстан, -Алматы, 2003 г.
3. «Жер кадастры», *Есполов Т., Жоламанов Т., Пентаев Т., Абралиев О.* -Алматы: «Дәуір», 2013ж.

Манетов Д.К., Джуламанов Т.Д.

ИЗУЧЕНИЕ МЕТОДОВ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗДЕЛЕНИИ ХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ

В данной статье рассмотрены методы использования информационных сетей и технологий в разделении хозяйственных земель.

Ключевые слова: Хозяйственные земли, кластеры, земельная деградация.

Manetov D.K., Dzhulamanov T.D.

STUDY METHODS USE OF INFORMATION NETWORKS AND TECHNOLOGIES IN DIVISION OF FARM LANDS

This article describes methods for the use of information networks and technologies in the division of farm lands.

Key words: farm lands, cluster, land degradation.

ӘОК 332.54

Молжигитова Д.К., Адилова А., Пентаев Т.П., Бөкенова Э.А.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысының аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, жер ресурстарын пайдалану тиімділігін жоғарылату жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: жер ресурстары, жер реформасы, жер санаты, жерді тиімді пайдалану

Кіріспе

Жерді пайдалану тиімділігін жоғарлату жердің табиғи қасиеттері мен қызметінің көпжақтылығымен байланысты, бұл өз кезегінде жер ресурстарын басқару механизмі мен мазмұнына, маңыздылығына әсер етеді.

Жер ресурстары – ештеңемен ауыстырылмайтын үлкен ұлттық байлық. Жерді біздің еліміздің халықшаруашылығындағы әртүрлі салаларында пайдаланады, бірақ оның қызметі барлық жерде бірдей емес. Өндірісте, тау кен саласын есепке алмағанда, ол кәсіпорынның тек орналасу орнын ғана көрсетеді. Тау-кен саласында жер қазба байлықтың көзі болып табылады, және одан қазбаларды алады, бірақ бұл жерде өндіріс жермен, топырақ сапасымен